

Жаңа оқулықтармен танысты

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасы аясында жарық көрген 30 жаңа оқулықпен таныстырған семинар өтті.

Институттың "Ақпараттық-кітапхана кешіні" мен "Рухани жаңғыру" жобалық кеңсесі бірлесе өткізген семинарда институт профессор-оқытушылар құрамы және студенттерді аталмыш жоба бойынша қазақ тіліне аударылған оқулықтармен таныстырып және оларды білім беру бағдарламасына енгізуге байланысты сұрақтар талқыланды.

Семинар барысында институттың оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Нұрлыхан Темірбеков "Рухани жаңғыру" бағдарламасының маңыздылығын атап өтті. Бұл жоба жаһандық азаматтық білім беру сияқты әлемдегі заманауи білімнің дамуындағы маңызды бағытты ескереді. Гуманитарлық ғылымдар бойынша жаңа оқулықтар әлемдегі білім сапасын, бәсекеге қабілеттілігі мен интеграциясы жолындағы жаңа қадам.

Ақпараттық-кітапханалық кешеннің директоры Сәрсенкүл Махина 2018 жылы республикалық жоба аясында институтқа қазақ тіліндегі 17 оқулықтан 1660 дана келгенін және жаңа 2019-2020 оқу жылына кітапхана қоры 30 оқулықтан 1230 дана кітаппен толықтырылғанын мәлімдеді. Барлық оқулықтар әр оқушыға қолжетімді. Кітапхана бұл оқулықтарды оқу процесіне енгізуде үлкен жұмыс атқарады. Көрмелер, презентация-



лар, дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастырылуда.

Жаңа оқулықтар дүниежүзілік тарих, әдебиет теориясы, халықаралық құқық, педагогика, интернет психологиясы, стратегиялық менеджмент, маркетинг, медиа және іскерлік коммуникация, дипломатия және өнер тарихы саласындағы білімдердің кең спектрін қамтиды. Көптеген танымал туындылар әлемнің ондаған тілдеріне аударылып, әлемдік гуманитарлық білімнің дамуына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Сондай-ақ, семинарда Елбасының "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында қазақ тіліне аударылып басылған отыз жаңа оқулықтың көрмесі ұсынылды.

Арқалық қаласы.